

Бахытжан Шаянбекова

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты Бахытжан Шаянбекова 30 жылдан бері білім беру саласында қызмет етіп келеді.

Бахытжан Рахманбердіқызы ауыл шаруашылығы саласы бойынша 65 ғылыми-әдістемелік еңбек даярлады. Соның ішінде суды үнемдеу мәселесіне қатысты 3 ұсынымның авторы.

Ғалымның жетекшілігімен 1 PhD докторлық, 12 магистрлік диссертация қорғалды.

Педагог 1991 жылдан бері университетте «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының аға оқытушысы, оқу бөлімінің бас әдіскері, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Бахытжан Рахманбердіқызы – «Су ресурстары және суды пайдалану» білім беру бағдарламаларын даярлау, материалдық базаны дамыту, білім алушылар контингентін қалыптастыру ісіне үлкен үлес қосқан педагогтардың бірі.

Ғалым Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыт ата атындағы Алтын медалімен» марапатталды.

Ел дамуы жолында елеулі еңбек етіп, кәсіби білікті кадр даярлау ісіне үлкен үлес қосқан осындай ұстаздар – біздің мақтанышымыз.